



Автор: Мейрманова Нагима Битимбаевна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары

Тақырып: Топырақтың қандай қасиеті бар?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.4.3 топырақтың негізгі қасиеттерін анықтау;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: топырақтың негізгі қасиеттерін анықтауды үйренеді. Көптеген оқушылар: топырақтың негізгі қасиеттерін анықтау үшін тәжірибе жасайды. Кейбір оқушылар: топырақтың басы қасиетіне мысал келтіре алады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Борпылдақ, құнарлылық. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Топырақта су қалай қозғалады? Қандай топырақтың құрамында ауа болады? Топыраққа ауа не үшін қажет?
Бағалау критерийлері:	топырақтың негізгі қасиеттерін анықтауды үйренеді. топырақтың негізгі қасиеттерін анықтау үшін тәжірибе жасайды. топырақтың басы қасиетіне мысал келтіре алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Заттар және олардың қасиеттері. Табиғи ресурстар туралы дүниетану пәнінен алған білімдерін қолданады.
Бастапқы білім:	Оқушылар «табиғи ресурстар» ұғымының мағынасын түсінеді және оларды жіктей алады. Табиғи ресурстардың түрлерін мен көздерін біледі, олардың адам тіршілігіндегі алатын орнын бағалай алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Сергіту жаттығуы «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау) Жаңа топ құру. Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары көмпиттер» 2-топ «Көк көмпиттер» 3-топ «Қызыл көмпиттер» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) «Айналмалы бекеттер» Әр шағын топты бекетте орналастырып, арандататын сұрақты талқылауға және ойларын қағазға немесе тақтаға жазуға 10 минут беріңіз. Уақыт аяқталғанда топ басқа бекетке ауысып алдағы топтың жұмысын жалғастырады. Ауысу әр 10 минут сайын болып тұрады, әр топ барлық позицияларда болып шыққанға және барлық топтардың ойларын ойлап шыққанға дейін жалғаса береді. Топырақтың құрамын қалай анықтауға болады? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. Топырақта су қалай қозғалады? Қандай топырақтың құрамында ауа болады? Топыраққа ауа не үшін қажет? ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда) 1-топ «Сары көмпиттер» 2-топ «Көк көмпиттер» 3-топ «Қызыл көмпиттер» Дескриптор: топырақтың негізгі қасиеттерін анықтауды үйренеді. топырақтың негізгі қасиеттерін анықтау үшін тәжірибе жасайды. топырақтың басы қасиетіне мысал келтіре алады. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау Зертте. Оқушыларды шағын топтарға бөліңіз. Әр топқа қажетті ресурстар дайындаңыз: су құйылған стақандар, жұмсақ топырақ, ұсақ тастар, қағаздан жа- салған гүлдер. Зерттеу жүргізуге арналған нұсқаулық: • Сұрақтар: «Қалай ойлайсыңдар, топырақтағы су қай бағытқа қарай қозғалады?» (жоғарыдан төменге қарай). Ал төменнен жоғарыға ше? (жоқ, ол мүмкін емес). Болжамдарды тексеру үшін не істеу керек? Әр топқа эксперимент жүргізудің жоспарын құруды тапсыру. • Топырақ пен тастар салынған стақандарға аздап су құю. • Біраз уақыттан кейін стақандардың түбіне қарау. Су көріне ме? (тастар салынған стақанда – көрінеді, ал топырақ салынған стақанда көрінбейді). • Қорытындыны жазу. Стақандарды үстелдің үстінде қалдыру. • Су құйылған стақандарға су деңгейінен аз ғана жоғары болатындай етіп, топырақ пен тастарды салу. • Топырақ пен тастардың үстіне гүлдерді салу. • Біраз уақыт өткен соң гүлдерді бақылау. «Не байқадың?» (топырақ үстіндегі гүлдер ылғалданып кетті, ал таста – жоқ). Егер гүлдер ылғалданбаса, сорғыш қағазға басу керек. • Қорытынды шығару. Өсімдіктерден жақсы өнім алу үшін қай топырақ ең жарамды? (қара топырақ) • Бірінші тәжірибедегі топырағы бар стақанның түбіне қарау. «Бір нәрсе өзгерді ме?» (Су топырақ арқылы судың түбіне түсті) • Эксперименттің жоспарын оның қалай өткенімен салыстыр. Қорытынды жаса	
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. Галлерияда ой шарлау тапсырмасын орында үшін бірінші берілген мәтінмен танысып алады. ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. «Ара ұясы» техникасы Мұғалім жұптағы оқушыларға не білгендігі туралы пікір алмасуды және екі сұрақтан дайындауын тапсырады. Содан кейін әрбір жұп кезектесіп бүгінгі білім бойынша сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты мұғалім немесе басқа оқушылар береді. Сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланылады, өңделеді.	

Рефлексия	(ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Оқушыларға«Нысана»кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.	
-----------	--	--